

Тікұшақтың көтергіш винті қалақтарының импорты туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 11 қаңтар N 32

"Экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы Z960009_ Заңына және "Қазақстан Республикасында тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импортын лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 P971037_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "N 405 авиажөндеу зауыты" ашық акционерлік қоғамына "Тумарим" (Мәскеу қаласы, Ресей Федерациясы) жабық акционерлік қоғамымен жасалған 2001 жылғы 19 шілдедегі N 8Т шартқа және 2001 жылғы 23 тамыздағы N 9Т келісім-шартқа сәйкес Қазақстан Республикасына 5 жинақтауыш мөлшерінде Ми-8 тікұшағының N 8АТ .2710.000. көтергіш винті қалақтарының (СЭҚ ТН коды 8803 10 900) импортына рұқсат е т і л с і н .

2. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен "N 405 авиажөндеу зауыты" ашық акционерлік қоғамына осы қаулының 1-тармағында көрсетілген өнімнің импортына лицензия берсін.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден

комитеті осы қаулының 1-тармағында көрсетілген өнімді кедендік бақылауды және кедендік ресімдеуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитетіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК